

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 11 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ақпараттық-коммуникациялық желілерде, оның ішінде интернетте авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтардың бұзылуына қарсы іс-қимыл тетіктерін құру жөніндегі шараларды әзірлеп, іске асыруға бағытталған.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің цифрлық ортадағы авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды сақтау және қорғау жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімнің жобасы 2020 жылғы 25 тамызда Кишинев қаласында өткен Зияткерлік меншікті құқықтық

қорғау және қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңестің оныншы отырысында қаралды және мақұлданды.

Келісімге 2021 жылғы 12 қарашада ТМД үкімет басшыларының отырысында ТМД-ның сегіз мемлекеті қол қойды. Бүгінгі таңда мемлекетішілік рәсімдерді Армения, Беларусь, Қырғыз, Өзбекстан республикалары және Ресей Федерациясы өткізді.

Мемлекетіміздің заңнамасын басшылыққа ала отырып келісімді іске асыруды қамтамасыз ету барысында:

заңнаманы жетілдіру;

қатысушы мемлекеттердің уәкілетті органдарымен ынтымақтасты тереңдету және ақпарат алмасу;

аталған саладағы заңсыздықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

осы тақырып бойынша семинар, конференция және бірлескен ғылыми зерттеулер өткізу бағыттары бойынша ынтымақтастықты дамытады.

Қазіргі таңда авторлық құқықты, оның ішінде интернетте авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғау тетіктерін дамыту тек дүниежүзі елдерінің ұлттық заңнамасының ғана емес, халықаралық құқықтың да міндеті. Сондықтан қазір барлық елдерде бұл мәселені реттеудің оңтайлы нұсқаларын қалыптастыру бағытында белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Келісімді жүзеге асыру тікелей интернетте авторлық құқықты қорғау бойынша тәжірибе мен ақпарат алмасудан тұрады. Сонымен қоса осы келісімді жүзеге асыру шеңберінде уәкілетті органдар Әділет министрлігі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Жоғарғы Сот болады. Соның аясында тиісті шараларды күшейту көзделген. Сонымен қатар мемлекетаралық күштердің қызметін үйлестіру үшін тиісті құрылым – Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерін үйлестіру жөніндегі мемлекетаралық кеңес құрылуда.

Заң жобасы жұмыс тобы мен бас комитеттің отырысында жан-жақты қаралды. Депутаттар тарапынан ескертулер болған жоқ. Сенаттың барлық комитеттері өздерінің оң қорытындыларын берді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 2) тармақшасына сәйкес келісім ратификациялауға жатады.

Қаралып отырған заңды іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкіліне.

Қазіргі таңда авторлық құқықты бұзғаны үшін интернет-провайдерлердің жауапкершілігі мәселесі барлық елдер үшін өзекті болғандықтан үлкен халықаралық маңызға ие.

Келісімге сәйкес тараптар ақпараттық және телекоммуникациялық желілерде, оның ішінде интернетте авторлық және сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтардың бұзылуына қарсы іс-қимыл тетіктерін құруға бағытталған шараларды әзірлейді және іске асырады.

5-бапқа сәйкес тараптар белгілі бір ерекше жағдайларда авторларға және өзге де құқық иеленушілерге берілетін авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін қалыпты пайдалануға нұқсан келтірмейтін құқықтарға өзге де шектеулер мен алып қоюлар белгілеуге құқылы. Осыған байланысты менің екі сұрағым бар.

Бірінші. Авторлық құқық объектілеріне және сабақтас құқықтарға құқықтардың бұзылуына қарсы іс-қимыл жөніндегі келісімге қатысушы елдердің ұлттық заңнамасының қағидаттары мен тәсілдері қаншалықты ерекшеленеді?

Екінші. Біз қандай ерекше жағдайлар туралы айтып отырмыз және шетелдік құқық иелерінің құқықтарын бұзуға байланысты шешілмеген және жанжалды жағдайлардың саны туралы статистика бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Жақселекова Ботагөз Шаймарданқызы, жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

ТМД-ға кіретін барлық мемлекеттер Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының мүшелері және осы ұйым басқаратын бірнеше халықаралық шарттардың қатысушылары болып табылады. Осыған байланысты бірдей тәсілдер және авторлық құқықты қорғау жөніндегі шаралар қаланды. Мысалы, жауапкершілік бойынша Әзербайжанда, Ресейде, Белоруссияда, Қырғызстанда азаматтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылды. Бірақ біздің елімізде және Арменияда тек азаматтық және қылмыстық жауапкершілік, ал Тәжікстанда тек азаматтық және әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Ерекше жағдайлар жөнінде. Авторлардың құқықтарына шектеулер мен алып қою Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңында көрсетілген. Бірақ Берн конвенциясына сәйкес бұл шектеулер автордың құқықтарына нұқсан келтірмейді.

Приведу несколько примеров, в каких случаях могут быть такие изъятия. К примеру, когда идет воспроизведение в научных трудах либо диссертациях, есть ссылки на других авторов, обязательно цитирование должно быть упомянуто, в этом случае права автора не считаются нарушенными, авторские вознаграждения не выплачиваются. К таким случаям также можно отнести, когда скачивается какой-то контент исключительно для личного пользования в единичных экземплярах, когда идет иллюстрирование к каким-то радио-, телепередачам. В этих случаях это те изъятия из защиты авторского права, которые предусматриваются национальным законодательством.

Когда в соглашении говорится о том, что могут быть установлены иные случаи, то в этом контексте подразумевается, что оно дает право странам-участницам совершенствовать свое законодательство исходя из правоприменительной практики.

Относительно неразрешенных конфликтов. Такой информацией мы не располагаем. Но нужно сказать, что все жалобы и заявления авторов своевременно рассматриваются уполномоченными органами, в том числе правоохранительными органами. По национальному законодательству к ним относятся органы внутренних дел и Служба экономических расследований. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өкіліне.

Қарастырылып отырған келісім тек ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерінде, яғни интернет кеңістікте авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастықты көздейді. Дегенмен интернет кеңістік өте ауқымды, оған әлемнің кез келген мемлекетінен қалаған ақпарат пен материалдарды таратуға болады. Осы орайда менің сұрақтарым бар.

Бірінші. Егер осындай авторлық құқықты бұзушы сайттар қазақстандық емес, басқа да домендермен материалдарды тарататын болса, онда олармен күрес қалай жүзеге асырылады?

Екінші. Олар тек қазақстандық тұтынушылар үшін бұғаттала ма, әлде толығымен жойыла ма?

Үшінші. Халықаралық деңгейде бұл мәселе қалай шешімін тауып жатыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Олжабеков Мәлік Серікұлы, жауап беріңіз.

ОЛЖАБЕКОВ М.С. Сұрағыңызға рақмет.

Интернетте авторлық құқықтың бұзылуына қарсы халықаралық деңгейдегі ең негізгі құралдардың бірі Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы болып табылады. Қазақстан осы ұйымның мүшесі. Аталған ұйымның ұсыныстары негізінде мемлекеттер

авторлық құқықтарды қорғайтын және интернет сайттардың авторлық құқықтарын бұзуға қарсы заңнамасын ұлттық деңгейде қабылдайды.

Интернет желісіндегі авторлық құқықтарды қорғау бойынша Қазақстанда «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заң бар. Осы аталған заңнамаға сәйкес құқық иелері құқық бұзушылардың қай жерде орналасқанына қарамастан ел аумағында өз құқықтарын қорғауға құқылы. Авторлық құқықтарын қорғау мақсатында құқық иелері сотқа жүгіне алады. Арнайы соттың шешімімен интернет-провайдерлер құқық бұзған доменнің немесе сайттың қазақстандық немесе шетелдік екеніне қарамастан оның жұмысын бұғаттауға міндетті.

Если говорить о работе, проводимой на международном уровне, Вы правильно отметили, в основном работа ведется на национальном уровне по блокированию через провайдеров доступа к сайтам или доменам, нарушающим авторские права. При этом на международном уровне через соответствующие организации, на основе международной правовой базы ведется работа уполномоченными государственными органами, потому что с технической точки зрения выявить источники нарушения авторских прав достаточно сложно. Поэтому эта работа проводится на уровне уполномоченных государственных органов и на основе соответствующей международной правовой базы. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Өтешов Серік Балғатайұлына беріледі.

ӨТЕШОВ С.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісім ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде, оның ішінде интернетте авторлық және сабақтас құқықтардың бұзылуына қарсы шараларды іске асыруға бағытталған.

Осы келісімнің 3-бабына сәйкес нормаларын іске асыруды қамтамасыз ету үшін ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өз елдерінде зияткерлік меншік саласындағы авторлық және сабақтас құқықтар объектілеріне қатысты бөлігінде заңнаманы жетілдіру көзделген. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Бірінші. Осы саладағы ұлттық заңнаманы жетілдіруде келісім нормаларын іске асыру қажет бола ма?

Екінші. Ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау мен реттеудегі қиындықтарды ескере отырып, осы салада авторлық және сабақтас құқықтардың бұзылуына қарсы тұрудың өзге тәсілдері мен тетіктері қажет пе? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ботагөз Шаймарданқызы, жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл салада ұлттық заңнаманы жетілдірудің қажеті жоқ. Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне және 1994 жылғы Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге сәйкес ұлттық заңнамаға бірнеше өзгерістер енгізілді. Ол өзгерістер 2004, 2006, 2009, 2012 жылдары енгізілген. Мысалы, авторлық құқықты қорғау мерзімдері ұлғайтылды, құқықтарды ретроактивтік қорғау енгізілді, авторлық және сабақтас құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік нақтыланды және қатаңдатылды, автордың жалпыға бірдей мәліметке жеткізу құқығы енгізілді, фонограммаларды орындаушылар мен өндірушілердің, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының мүліктік құқықтары нақтыланды және тағы басқа да өзгерістер енгізілді.

Жауапкершілік жөнінде. Жоғарыда айтып кеткенімдей, авторлардың құқықтарын бұзғаны үшін бізде қазіргі уақытта азаматтық және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

«Байланыс туралы» Заң интернет-ресурстарды қоса алғанда бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін тоқтата тұру және тоқтату сияқты шараларды көздейді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат авторлардың құқықтарын қорғаудың басқа тәсілдері, жолдары бар ма деп сұрады. Тағы қандай жолдары бар? Интернет сайттарды шектеп қою, жауапкершілікке тарту жолдары бар. Одан басқа тәсілдері бар ма?

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Тек осы тәсілдер ғана.

ТӨРАҒА. Осы тәсілдермен жұмыс істейсіздер. Түсінікті.

Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Амангелді Ғабдылкәрімұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Қаралып отырған «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң уақытылы және маңызды.

Аталған келісімнің мақсаты цифрлық ортада авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы халықаралық нормативтік құқықтық базаны дамыту, осы салада құқық бұзушылықтардың алдын алу және жетілдіру болып табылады. Сондай-ақ ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде, оның ішінде интернетте авторлық құқық объектілеріне және сабақтас құқықтарға құқықтардың бұзылуына жол бермеу жөнінде тетіктерді жүзеге асырумен қатар құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған. Атап айтқанда, цифрлық ортада зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау саласында туындайтын мәселелерді шешудің бірыңғай тәсілдерін белгілеуге, барлық тараптарға бірдей үйлесімді жұмыс жүргізуге толық мүмкіндік береді.

Өздеріңізге белгілі, бүгінде интернет мемлекет пен қоғамның дамуына ерекше әсер ететін заманауи жаңа технологияларды игеру үшін қажетті құрал ретінде қолданылады. Алайда елімізде осы салада заңсыз жұмыс жасап келген интернет-ресурстар анықталған. Мәселен, 2020 жылы лицензиясыз бағдарламалық қамтамасыз ету мен басқа да объектілерді тарататын 24 шетелдік интернет-ресурс, ал 2021 жылы 40 интернет-ресурс анықталып, бұғаттау үшін ақпараттық жүйеге енгізілген. Бұл жағдайға салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, осы уақыт аралығында шамамен екі есеге артқандығы байқалады. Осы орайда алдағы уақытта арнайы рұқсаты жоқ интернет-ресурстарға тосқауыл болу үшін тиісті мемлекеттік органдар жұмыла әрекет ету қажет деп есептеймін.

Аталған келісім осы салада қажетті ақпараттармен және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен алмасуға жол ашады. Сондай-ақ авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдету, ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың ауқымын кеңейтуді көздейді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келісім ратификациялауға жатады. Осы келісімді ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде осы заңды қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, бұл келісім ТМД шеңберінде ақпараттық және телекоммуникациялық желілердегі зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға арналған бірлескен іс-шараларды айқындайды. Алдағы уақытта құжат авторлар мен өзге де құқық иеленушілердің заңды мүдделерін қорғауға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне бағытталады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Су қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздігіміздің бір тармағы. Өздеріңізге белгілі, соңғы уақытта елорда тұрғындары су тапшылығын сезініп, осы мәселеге қатты алаңдаулы.

Елорданың қарқынды дамуына және қала халқының өсуіне байланысты «Астана су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны сумен қамтамасыз ету бойынша жобалық қуаттардың жеткіліксіздігін айтып, тұрғындарға суды кесте бойынша төмен қысыммен беруге мәжбүр екенін жеткізген болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сегізінші сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында: «Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегиялық маңызы бар міндет. Алдағы уақытта су мәселесі ушығып кетуі мүмкін, сол себепті бізге оның алдын алу қажет», – деді, яғни алдағы уақытта елімізде су тапшылығы мәселесі бірінші орынға шығады.

Дүниежүзілік зерттеулердегі болжамдарға сүйенсек, 2040 жылға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 50 пайызға дейін жетуі мүмкін. Қазіргі уақытта Астанада судың тапшылығы тәулігіне мөлшермен 30 мың текше метрді құрайды. Жергілікті биліктің айтуынша биыл жазда пайдалануға берілетін №3 су сорғыш-сүзгіш станциясы бұл мәселені толық шешіп, алдағы бес жылда елордадағы судың тапшылығын болдырмауға мүмкіндік береді. Дегенмен Астанадағы су тапшылығына әсер етіп отырған негізгі фактор – құрылыс жұмыстарының қарқын алып, әсіресе Есілдің сол жағалауынан көпқабатты үйлердің тығыз салынуы. Сондықтан алдағы уақытта қалада салынып жатқан көп қабатты үйлердің барлығына тексеріс жүргізіліп, қанша мөлшерде су жұмсалып жатқанын есептеу қажет.

Аспанмен тірескен көп қабатты тұрғын үйлерді салардан бұрын сумен қамтамасыз етілу есебі алдын ала жіті жасалғаны абзал. Ескі үйлердің арасына тығыздап үйлер салу да үрдіске айналып, соның кесірінен қалыптасқан су жеткізу жүйесін өзгертіп қана қоймай апатты жағдайлар да туғызуы мүмкін.

Көпшілік білетіндей, Қазақстан негізінен Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінен келетін суды пайдаланады. Ал 4 миллионнан астам қазақстандықты сумен қамтамасыз етіп отырған Ертістің суы өндіріс пен кәсіпорындардың салынуынан, заңды тұлғалардың, шаруа қожалықтарының, кооперативтердің суды көп көлемде пайдалануынан, үнемдемеуінен, сондай-ақ экологиялық жағдайларға байланысты азайып отыр. Соның салдарынан Астана қаласында сумен қамтамасыз етеді деп жоспарланып отырған «Ертіс-Қарағанды» каналының су мөлшері де келешекте айтарлықтай төмендеуі мүмкін.

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере отырып:

1) Ертістің суын «Қаныш Сәтбаев» каналы арқылы елордаға бұру бойынша жобадан басқа да баламалы бағыттарды қарастыруды;

2) суды бөлудің халықаралық тәжірибесіне сәйкес халықаралық құқыққа негізделген трансшекаралық су ресурстарын басқарудың жаңа модельдерін де ойластыруды;

3) су тапшылығы проблемасы бар елдерде сәтті қолданылып жатқан суды үнемдеуге септігін тигізетін заманауи ұтымды инновациялық технологияларды барынша

тарту, сондай-ақ халық арасында суды үнемдеу бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстарын барынша күшейтуді;

4) су шаруашылығы саласындағы кәсіби мамандардың – су шаруашылығы инженерлерінің, суды тазартудың, сумен қамтамасыз етудің, су шаруашылығы құрылыстарының заманауи технологияларын игерген мамандарды даярлауды, сондай-ақ су ресурстарын кешенді басқару саласындағы ғылыми зерттеулерді және білім беру жүйесінің әдістемесін жаңартуды сұраймыз.

Құрметті Әлихан Асханұлы! «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес сізден жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша тиісті шаралар қабылдап және толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар Б. Жексенбай, Н. Бекенов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің сауалымыз Үкімет басшысына арналады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Еліміздің 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында су шаруашылығын дамытуды жақсарту, ирригациялық және дренаждық жүйелерді қалпына келтіру, жаңа су шаруашылығы объектілерін салу, топтық су құбырларын реконструкциялау және су үнемдеу бойынша шараларды енгізу жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі көзделген.

По республике основной объем водных ресурсов обеспечивают поверхностные воды в среднегодовом объеме 101 кубокилометра, из них 56 процентов сформированы локально, остальные 44 процента сформированы благодаря притоку трансграничных рек из Китая, Узбекистана, России и Кыргызстана.

По данным Министерства экологии и природных ресурсов, площадь регулярно орошаемых земель составляет 1 миллион 758 тысяч гектаров. Около 85 процентов орошаемых земель в республике расположены в южных регионах страны, которые в большой степени зависят от притока воды через трансграничные реки. На практике всего 30 процентов земель обеспечиваются необходимым объемом воды, когда это реально нужно для фермера, что, в свою очередь, сказывается на продуктивности орошаемых земель.

По данным Всемирного Банка, в Казахстане продуктивность одного кубического метра воды в сельском хозяйстве составляет около 9 долларов США, когда в Японии – 53,5 доллара. Это колоссальная разница.

В этой связи возникает вопрос: может быть, нам не стоит гнаться за цифрами об увеличении орошаемых гектаров, а обеспечить гарантированной водой уже имеющиеся земли, которые не подвязаны к трансграничным притокам?

Основная доля (75,8 процента, или более 1 миллиона гектаров) до сих пор орошается поверхностным способом. На этих устаревших оросительных сетях теряется более 60 процентов подаваемой воды. Такой способ является нерациональным.

По данным Министерства сельского хозяйства, заявок на субсидии под оборудование для современных водосберегающих технологий крайне мало.

Основная проблема заключается в том, что отсутствует инфраструктура по доставке воды для фермеров на их участки. Как фермер может переходить на водосберегающие технологии, если нет гарантированной поливной воды, когда к его участку элементарно вода не доходит?

Учитывая климатическое и антропогенное воздействие как внутри страны, так и за ее пределами, прогнозируется дефицит водных ресурсов до 2030 года в объеме 23 кубокилометров.

В рамках поручения Главы государства по вопросам орошаемых земель Министерством экологии и природных ресурсов была инициирована разработка совместных с Министерством сельского хозяйства и акиматами дорожных карт по внедрению водосберегающих технологий по всем областям. Однако данные дорожные карты до сих пор не разработаны. У нас как в басне «Лебедь, рак и щука» – у Министерства сельского хозяйства свое видение, у Министерства экологии и природных ресурсов иное видение, а у акиматов другое понимание решения проблемы.

При этом при подготовке проектно-сметной документации необходимо просчитать целесообразность использования бетонных лотков, которые за несколько лет рассыпаются и приходят в негодность, а у современных полиэтиленовых труб срок эксплуатации более 30 лет.

Для решения стратегической задачи, объявленной Главой государства, по увеличению объемов производства сельхозпродукции Правительству необходимо следующее.

1. Разработать программу по восстановлению и строительству новых ирригационных сетей с полным закрытым, закольцованным циклом, обеспечивающих гарантированной водой поливные земли, путем подведения воды по трубам или бетонным каналам до каждого участка с установкой приборов учета воды.

2. Разработать и утвердить дорожные карты по внедрению водосберегающих технологий по всем областям с определением площадей.

3. Провести ревизию всех ирригационных каналов и водохранилищ, по итогам которой вернуть в государственную собственность бесхозные каналы и водоемы.

4. Предусмотреть финансирование из республиканского бюджета для строительства трех водохранилищ на трансграничных реках Қорғас, Өсек и Тышқан.

Своевременное решение указанных проблем в совокупности должно обеспечить устойчивое развитие сельскохозяйственной отрасли, ориентированной на обеспечение продовольственной безопасности и решение социально-экономических проблем.

Просим в установленные законом сроки дать письменный ответ по результатам рассмотрения настоящего депутатского запроса.

С уважением, депутаты Сената Парламента Кузиев, Жоргенбаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа. Сауал Абай облысындағы гидротехникалық құрылыстарға қатысты.

«Абай облысы Ақсуат ауданында «Қазсушар» РМК филиалының Ақсуат өндірістік пайдалану учаскесіне қарасты Қарғыба өзенінде 1971 жылы салынған, әбден тозығы жеткен «Қарғыба» су тоспасы мен «Жаңа-Тоғам» магистральды каналы орналасқан.

Қарғыба өзеніндегі су тоспасына бекітілген барлық егістік алқап көлемі 5 мың 429 гектарды құрайды, оның ішінде «Жаңа-Тоғам» магистральды каналының бойында бекітілген егістік алқап көлемі 4 мың 439 гектар. Оның ішінде 1 мың 500 гектар суармалы егістік жерге арналған көпжылдық шөп-жоңышқа алқабы бар.

2016 жылы «Қарғыба» су тоспасы мен «Жаңа-Тоғам» магистральды каналына қайта жаңғырту құрылыс жұмыстары жүргізілген.

Құрылыс жұмыстарын жүргізуге мердігер ретінде «Қазсушар» РМК-нің Шығыс Қазақстан филиалы танылған.

Аталған құрылыс жұмыстарын жүргізуге республикалық бюджеттен 407 миллион теңге бөлінді. 2022 жылы 1 қаңтарға дейін 283,2 миллион теңге игерілді. Игерілмей қалған қаржы көлемі 123 миллион теңгені құрайды.

Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталмай тоқтап тұр. Жобаның сметалық құнының ұлғаюына байланысты қаржылық-экономикалық негіздемесін қайта қарау ұсынылған. Осының салдарынан шаруашылық құрылымдарының еккен егістіктері ұдайы су берілмегендіктен жойылып, суармалы жерді игеруге ешқандай мүмкіндіктер қалмады. Бұл мәселе ауыл тұрғындарының қатты алаңдаушылығын туғызып, мал шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізуде.

Құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қажетті қаржыны қайта есептеуге аудиторлық тексеру жүргізіліп, іс-шаралар қабылданған. Сонымен қатар бұл нысанда қалыптасқан күрделі жағдай бірнеше рет мемлекеттік деңгейде көтеріліп, республикалық және облыстық құзырлы органдардың басшылары арнайы іссапармен келіп танысқан болатын. Алайда мәселені шешу жолдары ұсынылғанмен нақты шешімін таппады.

Құрылыс жұмыстары толық аяқталып іске қосылған жағдайда ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамытуға және суармалы жерді игеріп, жергілікті халықтың табысын арттыруға зор мүмкіндіктер берер еді.

Сонымен қатар ауданда Қарғыба, Базар, Тебіске өзендерінде су тоспалары бар. Суармалы жерлер осы тоспалар арқылы транзиттік негізде суарылмайды, яғни су жинақталмайды. Бүгінгі күні жылдар бойы қалыптасқан құрғақшылықтың салдарынан су қоры азайып кетті. Сол себепті жоғарыда аталған су тоспаларына су қоймаларын салу мәселесі туындауда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында алдағы үш жылда ауыл шаруашылығы аумақтарына барынша назар аударылатынын және бірінші кезекте суармалы егіншіліктің дамуына көңіл бөлінетінін атап өткен болатын. Осыған орай осы мәселелерді сіздің назарыңызға ұсына келе, «Қарғыба» су тоспасы мен «Жаңа-Тоғам» магистральды каналының қайта жаңғырту, күрделі жөндеу құрылыс жұмыстары жобасының толық аяқталып іске қосылуына және

Қарғыба, Базар, Тебіске су тоспаларына су қоймаларын салуға республикалық бюджеттен тиісті қаржының бөлінуіне ықпал жасауыңызды сұраймыз.

Құрметті Әлихан Асханұлы, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес сізден жоғарыда көтерілген мәселе бойынша толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары Қ. Тастекеев, А. Арғынбекова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне бағытталады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Парламент Сенатының сегізінші шақырылымының бірінші сессиясына арналған негізгі іс-шаралар жоспарына сәйкес Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті 2023 жылғы 26 сәуірде «Өңдеу өнеркәсібін дамыту: нақты жай-күйі, проблемалары және даму перспективалары» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізген болаты. Аталған іс-шара барысында өңдеуші саланың қазіргі жай-күйі мен даму үрдістері зерделеніп, оның негізгі проблемалары анықталды.

Арзан шикізат пен жартылай фабрикаттар елден шығарылып, ал қосылған құны бар тауарлар сырттан тасымалдау үрдісі әлі де азаймай отыр. Бұл жағдай ең алдымен ауыл шаруашылығына тән. Салалық министрліктің деректеріне сәйкес 2021 жылдың қорытындылары бойынша агроөнеркәсіп өнімі экспортының жалпы көлеміндегі өңделген тауарлардың үлесінің тек 37 пайызын ғана құрайды. Бұл ретте өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің импорты 2021 жылмен салыстырғанда ақшалай мәнде 24 пайызға өскен. Көптеген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер шикізат экспортына бағытталып, ел ішінде қайта өңдеуді дамытуға мүдделі болмай отыр. Мәселен, астық өңдеу кәсіпорындарының жүктемесі бүгінгі күні небәрі 33 пайызды ғана құрайды. Сонымен қатар Қазақстанның астық өңдеушілер одағының деректері бойынша бүгінде елімізде әрбір төртінші диірмен ғана жұмыс жасап тұр.

Мұндай қиын жағдай өсімдік шаруашылығы өнімдерінің экспортының артуы аясында қалыптасқан. Оның көлемі салыстырмалы түрде 2021 жылдан бастап 14 пайызға өскен. Нақты талдаудың, тиісті қолдау шараларының және тәуекелдерді бағалаудың болмауы Қазақстанның көрші елдерде, атап айтқанда, Өзбекстанда қайта өңдеуді дамытуға жағдай жасауына әкеп отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстанның астық экспортының жартысына жуығын құрайтын Өзбекстан ұн тарту өнеркәсібін дәйекті түрде дамытуда. 2010 жылдан бері Өзбекстан Қазақстан бидайын өңдеп, ұн экспортын 56 есеге арттырған, ал Қазақстанда бұл көрсеткіш керісінше 36 пайызға төмендеген. Салада қалыптасқан жағдай Қазақстанның жылдар бойы жинақталған өнім өткізу нарығының азаюына, ал Өзбекстанның өз кезегінде оны алып кетуіне әкеліп, көршілер ұн экспортының көлемі бойынша 2021 жылы әлемде үшінші орынға көтерілді.

Қазақстанның астық өңдеушілер одағының деректері бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі бес жыл бойы елдегі астық өңдеуді қолдау және дамыту жөніндегі Жол картасын жасақтауды аяқтамауда. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа түрлерін өңдеу мен өндіруде де осындай жағдай қалыптасуда.

Дүкен сөрелері импорттық азық-түлік өнімдерге лық толы. Ал осы тауарларды Қазақстанда өндіруге толық мүмкіндік болса да Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметтері бойынша 2021 жылмен салыстырғанда сүт өнімдерін, ет консервілерін, ірімшікті өңдеу, сүзбе, сары май көлемдері 4 пайыздан 9 пайызға дейін төмендеген.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, аталған проблемаларды шешу бойынша Үкіметтің ұстанымын ұсынуды және төмендегі жедел шараларды қабылдауды сұраймыз.

Бірінші. Мемлекет басшысының ішкі нарықты азық-түлікпен толық қамту бойынша берілген тапсырмаларына сәйкес ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты қайта қарау қажет. Ең алдымен бетбұрыс агроөнеркәсіп өнімі көлемдерін ұлғайтуға және қайта өңдеуге бағытталуға тиіс.

Біздің пайымдауымызша, бұған жері құнарлы, ауыл шаруашылығы өнімінің өзіндік құнының негізін құрайтын жемшөп базасы бар аймақтардың мамандануын ескере отырып қол жеткізуге болады. Бұған дәлел Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі, онда жемшөп дайындаудан бастап сүт өнімдерін шығарға дейінгі толық цикл қарастырылған. Сонымен қатар басқа өнімдерді өңдеу және қайта өңдеу бағытындағы табысты шаралар қабылдануда.

Салада субсидия тетіктерін қайта қарау да аса маңызды. Талдау нәтижесі көрсеткендей, ұйымдасқан шаруашылықтар ғана субсидия алуға қол жеткізіп, ал жеке қосалқы шаруашылықтарда бұл мәселе күрделі күйінде қалуда.

Екінші. Қазақстанда тауарлар импортының өсуінен қорғау шараларын жаңғырту және күшейту. Сонымен қатар отандық өнімді экспорттау кезінде басқа елдер тарапынан болатын кедергілер мен қиындықтарға жауап ретінде «айна» шарасын қолдану.

Үшінші. Қазақстандық астық өңдеуді қолдау және дамыту үшін Жол картасын жасақтау және бекіту арқылы әкімшілік және тасымалдау кедергілерін жою.

Құрметті Әлихан Асханұлы! «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес жолданған сауалдың жауабын заңда белгіленген мерзімде жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар С. Алдашев, С. Шайдаров, Ш. Бұқтұғұтов, Б. Қаниев, С. Лұқпанов, Ә. Нәутиев, Ғ. Нұрмұхамбетов, Л. Рысбекова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне бағытталады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Осы депутаттық сауалдың жолдануына «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы құрылыс және жобалауды сатып алуға қатысу кезінде орта бизнес субъектілері үшін туындаған проблемалар негіз болып отыр.

Ұлттық жоба бойынша 2025 жылдың соңына дейін ел аумағында 401 жаңа мектептің құрылысын жүргізу қарастырылған. Жобаның жалпы бюджеті 2,6 триллион теңгені құрайды. Қазіргі уақытта 187 мектептің құрылысы мен жобасы бойынша конкурсқа қатысуға 774 өтінім берген, 253 әлеуетті жеткізушілер арасынан жеңімпаздар анықталып, алдын ала қорытынды хаттамалар жасалынған. Бұл ретте конкурсқа қатысқан жергілікті орта бизнес өкілдері оларға қатысты орынсыз, негізсіз ескертулердің өте көп екенін және де конкурстық құжаттардағы талаптардың тек ірі бизнеске бағытталғанын атап өтуде.

Ұлттық жобаға сәйкес «Самұрық-Қазына құрылыс» акционерлік қоғамы тапсырыс беруші ретінде құрылыс жұмыстарының белгіленген мерзімдерде атқарылуы мен талаптарға сәйкестігін бақылайды, мердігерлерді таңдауда ашықтық пен тиімділікті, адал бәсекелестікті қамтамасыз етеді, нысандардың сапалы және уақытылы іске қосылуына жауапты. Алайда әлеуетті жеткізушілер үшін ұлттық жобаға қатысты тендердің ашықтығы күмәнді болып отыр. Мәселен, сыйымдылығы 1 мың 500 оқушыдан 2 мың 500 оқушыға дейінгі мектептерді жобалау және салу конкурсына қатысу үшін әлеуетті жеткізушінің білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау саласында бірінші санаттағы құрылыс-монтаждау және жобалау жұмыстарына лицензиясы болуы, он жылдық жұмыс өтілі және әлеуметтік жобаларды іске асырған болуы қажет. Сонымен қатар тендерлік құжаттаманың 1-кестесі 5-тармағы талаптарына сәйкес конкурстық комиссия әлеуетті жеткізушіге 1-санаттағы мектептерге лицензиялары бар, соңғы бес жыл ішінде жыл сайын кемінде 500 миллион теңге төленген салық сомасына 1 пайыз мөлшерінде, бірақ жалпы сомасы 5 пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Бұл ретте салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу туралы kgd.gov.kz сайтында 500 миллион теңгеден кем емес төленген салық сомасы құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізетін республика көлемінде тек төрт-бес ұйым үшін ғана қолжетімді болып отыр.

Бұндай біліктілік және тендерлік талаптарға тек ірі бизнес компанияларының шектеулі саны сай келеді. Сондықтан аталған талаптар белгілі бір заңды тұлғалардың пайдасына «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруды монополиялауға, жобаға қатысуға ниетті басқа да әлеуетті жеткізушілердің шеңберін қысқартуға себеп болып отыр.

Атап өтетін жағдай іс жүзінде жеңімпаз ірі компаниялардың басым көпшілігі негізгі жұмыс көлемін атқару үшін қосалқы мердігерлікке шағын және орта бизнес өкілдерін тартады. Бұл ретте ең сорақысы, қосалқы мердігерлерге құрылыс жобасында белгіленген бағадан төмен баға ұсынылады, ал олар өз кезегінде өздерінің бизнесін сақтап қалу үшін келісуге мәжбүр болады. Бұдан басқа тапсырыс беруші, яғни «жеңімпаз» компанияның қосалқы мердігерлер алдындағы өз міндеттемелерін жосықсыз орындауы салдарынан жұмыстарды орындау кешіктіріледі және жұмыс сапасына әсер етеді. Ал тұрақсыздық айыппұлдары қосалқы мердігерлерге салынады, сотқа тартылады. Бұндай жағдай түптеп келгенде жергілікті қосалқы мердігерлерді банкроттыққа, оның жойылуына немесе қызметінің тоқтатылуына әкеледі, ал құрылысқа бөлінген бюджет қаржысы талан-

тарапқа түсіп, нәтижесінде мектеп те жоқ, ақша да жоқ. Мұның бәрі ел экономикасының дамуына кері әсерін тигізеді, шағын және орта бизнестің өмір сүруіне қауіп төндіреді, сайып келгенде жергілікті жерлерде келеңсіз әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкелуі әбден мүмкін. Осыған орай көтеріліп отырған мәселенің аса маңыздылығын ескере отырып, Үкімет тарапынан келесі іс-шараларды қабылдауды сұраймын:

1) «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында құрылыс-жобалау жұмыстарын сатып алудың монополиялануына жол бермеу;

2) орта бизнес үшін сатып алулардағы бар кедергілерді жою;

3) тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін әлеуетті жеткізушінің белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлікке географиялық байланыстылығы критерийін енгізу;

4) бюджет қаржысы есебінен орындалатын қызметтер мен жұмыстар бойынша негізгі мердігер мен қосалқы мердігерлер міндеттемелерін және жауапкершіліктерін белгілеу және тағы басқалар.

Аталған ұсыныстар әлеуетті жеткізушілер арасында сатып алу көлемін әділ бөлуге, орта және шағын бизнесті дамытуға, сондай-ақ тиісті аймақта салық түсімдерін жинақтауға мүмкіндік береді, ең бастысы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын сәтті жүзеге асыруға ықпал етеді деп ойлаймыз.

Депутаттық сауалды заңда белгіленген мерзімде қарап, нәтижелері туралы жазбаша жауап беруіңізді сұраймын». Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 11 мамыр

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о сотрудничестве государств – участников СНГ по охране и защите прав на объекты авторского права и смежных прав в информационно-телекоммуникационных сетях», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі А.Ғ. ТОЛАМИСОВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ТОЛАМИСОВА А.Г. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НУХҰЛЫ А. 3

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан 3

ҚАНИЕВ Б.Н. 4

ОЛЖАБЕКОВ М.С. – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі, вице-министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан 4

ӨТЕШОВ С.Б. 5

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. 5

МЕДЕБАЕВ С.Т. 6

Депутат Б.Н. ЖЕКСЕНБАЙДЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 7

Депутат З.П. КУЗИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КУЗИЕВА З.П. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 9

Депутат Қ.Қ. ТАСТЕКЕЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ТАСТЕКЕЕВА К.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 11

Депутат Ә.И. НӘУТИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НАУТИЕВА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 12

Депутат Ж.Ә. ЖӨРГЕНБАЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖОРГЕНБАЕВА Ж.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 13

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы



Г. Молдашева